

**«Веренка жалпы негізгі білім беретін» КММ педагог-психологының
2022-2023 оқу жылғы психологиялық қызмет бойынша атқарылған
жұмыстарының талдауы**

2022-2023 оқу жылының басында жылдық жоспар құрылып, жоспар бойынша жұмыстар атқарылуда. Мектептегі психологиялық қызмет орталығы төрт бағыт бойынша жұмыс атқарады:

1. Психодиагностика (мақсаты: тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай-ақ тұлғааралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу);
2. Психопрофилактика (мақсаты: тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау);
3. Психоконсультация (оқушының психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысы мен біліктілікті дамыту);
4. Психокоррекция және дамыту (мақсаты педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға маселелерді шешуге көмектесу).

Психодиагностика бағыты:

Қыркүйек айында агрессия түрін анықтауға арналған Басса-Дарки сауалнамасы 6-9 кластардан онлайн түрде алынды. Диагностика қорытындысы бойынша агрессия деңгейі мен қастандық деңгейі қалыпты. Оқушыларға қажетіне орай кеңестер жүргізілді.

1 класс оқушыларының оқуға дайындығын, мотивациясын анықтау мақсатында Керн-Йерасик тесті жүргізілді. Әдістемеге 21 оқушы қатысты. Қорытындысы:

7 оқушы мектепке дайын, 7(33,3%)

5 оқушы орта, 5 (23,8%)

9 оқушы орташадан төмен, 9 (42,8%)

Әдістеме қорытындысымен класс жетекшісіне таныстырылып, ерекше назарды талап ететін оқушылармен жұмыс жүргізуге кеңес берілді. Сонымен қатар, орта бунға бейімделу барысын анықтау мақсатында 5 класс оқушыларына «Менің сыныбым» әдістемесі жүргізілді.

5 «А» класс бойынша 6 оқушы қатысты. 2 оқушы мұғалімнің маңызы ерекше, 2 оқушы сынып ұжымына бейімделуінде қиындықтардың бар екенін көрсетеді, 1 оқушы ойын позициясын керсетті.

Сонымен қатар, 5 класс оқушыларынан оқушылардың оқу мотивациясын анықтау мақсатында «Н.Г.Лусканова» дістемесі жүргізіліп, диагностика қорытындысы келесідей

5 «А» класс бойынша 6 оқушы қатысты.

4 оқушы мектепке бейімделген, 4 (25%)

10 оқушы ортаңғы норма, 10 (62,5%)

2 оқушы ішкі мотивация, 2 (12,5%)

2 оқушы мектепке деген теріс көзқарасын, 2 (14,2%) яғни мектеп дезадаптациясын керсетті. Класс жетекшілері әдістеме қорытындыларымен таныстырылып, қажетіне орай кеңестер берілді.

Жасөспірімдердің мықты жақтары мен қиындықтарын анықтау мақсатында 5-7 класс аралығында Р. Гудман сауалнамасы жүргізілді. Сауалнамаға 18 оқушы қатысты. (қатыспаған білім алушы саны: 5)

Қорытындысы нәтижелерді бағалау кестесі бойынша анықталып, ауытқу деңгейін көрсеткен оқушы жоқ. Класс жетекшілерге сауалнама барысында шекаралы көрсеткіш көрсеткен оқушылармен жұмыстану ұсынылды.

Қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау мақсатында 8-9 класс оқушыларына Дасс сауалнамасы жүргізілді. Барлығы 18 оқушы қатысты. Сауалнама қорытындысы шектік пайкель көрсеткіштері бойынша анықталып, ауыр және өте ауыр керсеткіш көрсеткен оқушы жоқ.

Оқушылардың депрессия деңгейін анықтау мақсатында Зунге шкаласы (Т.И.Балашованың бейімделуі бойынша) диагностикасы жүргізілді. Диагностиканың қорытындысы бойынша оқушылардың депрессия деңгейі қалыпты.

Қарым-қатынасты анықтауға арналған Дж. Мореноның социометрия әдістемесі 5-9 кластарға жүргізіп, қорытындысы шығарылып, класс жетекшілерге таныстырылды.

3-4 класс оқушыларына Т.В. Артемьеваның қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар жүргізілді.

Психопрафилактика бағыты:

1 сынып оқушыларының ата-аналарын бейімделу барысымен таныстыры өгіп, «Бейімделу кезеңінің маңыздылығы» тақырыбында баяндама оқылып, кеңестер беріліп, видео керсетілді. Балаларды ұжыммен өзара қарым-қатынас жасауға үйрете отырып, эмоционалдық көңіл-күйін көтеруге, ұжым ішіндегі ұйымшылдықты қалыптастыру мақсатында 5 класс «Із кезуші» психолоғиялық танымдық ойыны ұйымдастырылды. Оқушыларға түрлі сұрақтар қойылып, оқушылар бірлесе қызығушылықпен қатысты.

14 қазан мектебімізде ашық есік күні ұйымдастырылып, ата-аналарға «Мектеп жене отбасы» тақырыбында тренинг жүргізілді. Тренинг барысында «Қар қиыршықтары», «Гүл теру», «Ой жинақтау» секілді ойындар жүргізіліп, ата-аналар ойларын ортаға салды.

«Қатыгездіксіз және зорлық зомбылықсыз балалық шақ», құқық бұзушылықтың алдын алу мектепшілік айлығы барысында, «Өміріңді бағала», әңгімелесу, түсіндіру жұмысы жүргізілді. «Бала құқығы – адам құқығы» онкүндігінде «Балалардың желідегі қауіпсіздігі» тақырыбында түсіндіру жұмысы жүргізілді.

5-9 желтоқсан аралығында білім алушылардың психо-эмоционалды сауаттылығын жақсартуға және тұлғалық дамуна мүмкіндік беретін өмірлік құндылықтарды бағалауға үйрету мақсатында өткен «Бақытты бала-отбасы айнасы» акциясы барысында мектебімізде келесідей іс-шаралар жалғасын тапты.

«Менің отбасым» тақырыбында 1-4 класс оқушылары арасында сурет байқауы, 5-9 класс аралағында «Отбасы- бақыт мекені» тақырыбында видеоролик байқау ұйымдастырылып, жеңімпаздар анықталды. Өзі байқамайтын құндылықтарды бағалау, таңдау қабілетін, өзін-өзі бағалау дағдыларын дамыту мақсатында «Менің құнды қасиеттерім» тақырыбында оқушыларға тренинг жүргізілді. Тренинг барысында «Жеті құндылық», «Бес

саусақ», «Менің жақсы қасиеттерім» т.б жаттығулар орындалып, аңыз-әңгімелер мысалдарға келтіріліп, түрлі тапсырмалар берілді.

Ата-аналар мен педагогикалық ұжымға ағарту жұмысы бойынша «Бақыт мекені» тақырыбында коуч-сессия ұйымдастырылды. Ұстаздар мен ата-аналар бірлесе жағдаяттар шешіп, «Өмірдегі үш нәрсе..», «Менің ойым», «Отбасы татулығы» секілді тапсырмалар орындап, пікір алмасып, ойларын ортаға салды.

Мектебімізде құпия дос акцисы ұстаздар мен оқушылар арасында жүрді. Ұстаздар әсіресе екінші, үшінші күндері ерекше белсенділікпен кірісті. Үш күнге созылған акция оқушылар арасында да жалғасын тауып, оқушылар да ерекше қызығушылықпен мәресіне жетті. Сонымен қатар жеке адамның типін, анықтау мақсатында Голланд кәсіпті таңдау тесті жүргізілді. Тест қорытындыланып, оқушыларға жеке кеңестер берілді.

Баланың өз отбасы және оның алатын орны туралы анықтау мақсатында 3-4 класс оқушыларынан «Отбасы суреті» әдістемесі жүргізіліп, сынып жетекшісіне қорытындысымен таныстырылды.

Құқықтық тәрбиенің өмірлік қажеттілігін оқушыларға түсіндіру мақсатында мектебіміздің ДТІЖО-мен бірлесе «Тәртіп тәрбие бастауы-тәрбиесіздік - өмірдің қас жауы» тақырыбында дөңгелек үстел жүргіздік. Дөңгелек үстел барысында «Кибербуллинг: Балалардың желідеті қауіпсіздігі» тақырыбында баяндама оқып, кибербуллинг, буллинг деген не, оған не үшін назар аудару керек екенін айтып өттім.

Қыз балаларға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, намысы, сымбаты туралы жан-жақты мағлұмат беру арқылы қыз балалардың бойына рухани-адамгершілік, әдептілік, сыпайылық, тиянақтылық, имандылық, тазалық қасиеттерін дамыту мақсатында «Қызға-қырық үйден тиым» тақырыбында қыз балалармен кездесу өтті. Кездесу мектеп медбикесі Ж.Т.Рахметова, қыздармен жұмыс жетекшісі Г.Д. Атагулинаның қатысумен өтті. Кездесу барысында бірінші мектеп медбикесі «Қыз бала гигиенасы» туралы дәріс оқыса, мектеп медбикесі «Ерте жуктіліктің алдын алу» тақырыбына баяндама жасады. Оқушылар сұрақтар қойып, ойларымен бөлісті. Сонымен қатар, оқушыларға мамандық туралы түсінік беру, ойын жаттығулар арқылы өз таңдаған мамандықтарына, сенімділіктерін нығайту, мамандық таңдауда кеңес беру мақсатында «Мамандығым мақтанышым» тақырыбында 8-9 класс оқушыларына тренинг жүргізілді.

30 қаңтар халықаралық «Интернетсіз күн» қарсаңында интернетсіз, бос уақытын басқа да жұмыстарға, кітап оқуға, спортпен айналысуға уақытты тиімді пайдалануға бағыттау мақсатында оқушыларға «Интернетсіз бір күн» тақырыбында 1-4 класс оқушылары арасында сурет байқауы, 5-9 класс аралағында осы тақырыпта видеоролик байқауы ұйымдастырылды. Байқау бойынша үздіктер анықталып, марапатталды.

14 наурыз ДТІЖО-мен бірлесе көп балалы ата-аналарға «Бала- біздің болашағымыз» тақырыбында семинар ұйымдастырылды. Семинар барысында ДТІЖО Аманқосов А.Ж. баяндама оқып, қызықты тапсырмалар орындатты. Одан әрі семинар психологиялық тренингпен жалғасты. Тренинг

басында жақсы тілектерден басталы, балалық кезге саяхат жасап, ата-аналарға чек лист таратыды. Семинар соңында біршама ата-аналар мектеп өміріне белсене араласқаны үшін алғыс хаттарымен марапатталып, кофебрейк ұйымдастырылды.

9 класс оқушыларына кәсіптік бағдар беру мақсатында ДТІЖО мен бірлесе «Мамандықтың бәрі жақсы, қалауңша таңдап ал» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында түрлі оқу орындарымен таныстырылып, тренининг жүргізіліп, кеңестер беріліп, буклеттер үлестірілді. 91 класс оқушыларының өзіне тұлғаның ішкі жан дүниесін ашуға және өзін еркін сезіне алуға эмоционалды күйзелістердің алдын-алу мақсатында «Күйзелістің алдын алу және сенімділікті арттыруға арналған жаттығулар» жүргізіліп, ата-аналарға «Мамандықты таңдау болашақты таңдау» тақырыбында кәсіби бағдар беру мақсатында кеңестер беріліп, видеороликтер көрсетілді.

Балалар мен жасөспірімдер арасында буллингке қарсы сана сезімін қалыптастыру, осы қауіпті әлеуметтік құбылысқа белсенді қарсы тұруға ұмтылысын тәрбиелеу мақсатында оқушылар «Менің сыныбым буллингке қарсы» бейнероликтер, суреттер, фотосуреттер челленджіне қатысып, 19 мамырда жалпы республикалық «Менің мектебім буллингке қарсы» флешмобы өткізілді. Флешмобқа 7-9 класс оқушылары қатысты.

Психоконсультациялық бағыт:

Негізі контингент жасөспірім балалар болып табылатындығына байланысты көптеген сұраулар жеке тұлғааралық проблемаларына байланысты. Жалпы алғанда, барлық өтініштерді бөлуге болады:

1. Құрбыларымен қарым-қатынаста қиындықтар.

2. Эмоционалдық және мінез-құлық қиындықтары (агрессиялы, алаңдаушылық, демонстрациялық және т.б.).

3. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастардағы мәселелер.

4. Оқу қиындықтары.

5. Топтық диагностиканың нәтижелері бойынша кеңес беру.

Кеңес беру барысында келесі мәселелер қаралды:

- 1,5, 9 сынып оқушыларының бейімділігін анықтау

сауалнамасының қорытындысы бойынша оқушы, ата-ана, мұғалімге консультация жүргізу.

- Инклюзивті білім алушы оқшылардың бейімділігін анықтау

сауалнамасының қорытындысы бойынша оқушы-ата-ана-мұғалімге кеңес беру.

- Оқушылар арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша кеңес беру.

- Оқушылар арасындағы зорлық-зомбылықтың, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша кеңес беру жұмыстары.

- 9-сынып оқушыларының ата-аналарына кеңес.

Оқушылар, ата-аналар мен педагогтарға берілген кеңестер арнайы журналға тіркеліп отырды.

Қорытынды: кеңес беру жұмысы тиімді болып, консультациялық қызметтің барлық қажетті міндеттерін шешуге мүмкіндік берді деп санауға болады.

Психокоррекциялық бағыты:

«Ризашылық-мейірімділік бұлағы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасы асындағы ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың арасында қашықтықтан өткізілген «Шексіз шығармашылық» республикалық байқауна Кривец Николай мен Өтебай Қоныс қатысып, сертификат алды. Түзеу-дамыту жұмыстарының негізгі тақырыбы:

- эмоцияны басқару.
- стресстік жағдайлармен жұмыс істеу.
- агрессияны басу.
- коммуникативтік дағдыларды дамыту.
- өзіне деген сенімділігі төмен, оқу үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс.

- ата-ана қадағалауы төмен отбасынан шыққан балалармен жұмыс

Түзету-дамыту жұмыстары табысты деп санауға болады.

Қорытынды: оқушылармен өткізілген топтық дамыту жұмыстары өте табысты деп санауға болады. Сонымен қатар, ол білім, бағдарламалар құрылымы мен әдіснамалық жабдықтардағы кейбір кемшіліктерді анықтады, осылайша даму іс-шараларын одан өрі жетілдіруге арналған негізгі бағыттарды анытады.

Келесі оқу жылында топтық жұмысқа қатысуға ынталандыру, қиындықтарды және олардың себептерін талдау, түзету және дамыту жұмыстарын толықтыру қажет.

Мектеп психологы:

А.Ш. Нурсултанова